



Автор: Кудайбергенова Алтынай Калдыбековна
Пән: Қазақстан тарихы
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде
Тақырып: Ұлы Отан соғысы

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | «Ұлы Отан соғысы тарихын оқыту арқылы оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу» Ұлы отан соғысында кеңес халқының әлеуметтік-экономикалық және саяси Жеңіс факторларын сипаттау. Менің жанұямның тарихындағы ұлы отан соғысы. «Қосымша іздену» |
| Сабақтың мақсаты: | «Ұлы Отан соғысы тарихын оқыту арқылы оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу» Ұлы отан соғысында кеңес халқының әлеуметтік-экономикалық және саяси Жеңіс факторларын сипаттау. Менің жанұямның тарихындағы ұлы отан соғысы. «Қосымша іздену» |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар жиналған мәліметтермен жұмыс жасайды. Оқыған ақпаратты өз сөзімен баяндайды. Тақырып бойынша мәтінмен жұмыс жасайды. Пәнге қатысты лексика мен терминология: Империя, Сепаратизм, Метрополия, Конлагерь Диалогқа /жазылымға қажетті тіркестер Ресейге қосылу барысын оқып, танысады. Айтылым: тақырыптағы өзекті мәелені тауып тауып айтады. Иә ,Жоқ ,Себебі... Өйткені....- Жарайсыңдар, пікірлерің дәлелді болды |
| Күтілетін нәтиже: | Ұлы Отан соғысында Кеңес үкіметінің жеңіске жетуі |
| Бағалау критерийлері: | -Ұлы Отан соғысының зардаптарын біледі. -Соғыс ардагерлерін сипаттай алады «Қосымша іздену» арқылы отбасындағы соғыс ардагерлерін анықтайды. |
| Құндылықтарды дарыту: | Қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік.. Тарихи оқиғаларға, тұлғаларға құрметпен қарау . «Мәңгілік ел» идеясы: Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің жалпы әлемдік деңгейін көтеру саясаты.. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | слайд |
| Пәнаралық байланыс: | Әдебиет, география, дүниежүзі тарихы |
| Бастапқы білім: | Екінші дүниежүзілік соғыс жайында мәлімет біледі |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------------|---|-----------|
| Сабақтың басы (10мин) | I. Ұйымдастыру кезеңі «Отан соғысының тарихи мұрасы өскелең ұрпаққа патриоттық тәр- бие беруде» Дөңгелек үстелдің мақсаты: білім беру ұйымдарында өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің заманауи мәселелерін талқылау. Қызықты тәжірибе мекенжайын зерттеу, оны тарату, іздену. Міндеттері: 1. Педагогикалық еңбек ардагерлерінің тәжірибесі мен тәлімгерлік әрекетін жастарға патриоттық тәрбие беруге тарту. 2. Тәрбие жұмысының жүйесін жетілдіру. 3. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай тойлауға арналған шараларды ұйымдастыру, Қайтпас 2 елді мекенінде тұратын немесе тұрған соғыс ардагерлері жайында мәлімет жинау. Дөңгелек үстелге қатысушылар: тәрбие жұмысы бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, тарих пәнінің мұғалімдері қатысады және 8 «F, D, E» сынып оқушылары Топтарға бөлу. II. Қосымша мәліметтерді тексеру: «Тарихи қоржын» -әдісі Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, тарих қоржынына мәліметтерді салады. « Ой қозғау -әдісі» «Толықтыру -әдісі» Қызықты бестік. Оқушылар өткен тақырыпты пысықтау үшін қызықты бестік ойыны арқылы қорытынды жасайды. Қазақ халқының ахуалын қиындатқан тек қана Ұлы отан соғысы ғана емес сонымен қатар басқа да отарлау саясаттарының әсер еткендігін дәлелдейді. Оқушылар кемінде 5 мысал келтіріп дәлелдейді. (Әр топ | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------------------|---|-----------|
| Сабақтың ортасы (15 мин) | (ерекшеліктерін айқындау, салыстырмалы түрде талдау жасау). ҚБ «Медальен-әдісі | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------------------------|---|-----------|
| <p>Сабақтың соңы (10 мин)</p> | <p>Синтез «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі Тарихты зерттеуде ресми құжаттардан басқа, жеке тектік, яғни жеке адамдардың құжаттарының маңызы өте зор. Өйткені тарихты жасайтын адамдар, жеке адам өмірі қоғам өмірімен тығыз байланысты. Бұл орайда мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, қай салада болмасын еңбек еткен белгілі ел азаматтарының жеке құжаттары (өмірбаяндары, естеліктері, нақты бір оқиғаларға байланысты фото құжаттары т. б.) аса құнды дерек көзі болып табылады. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында майдан даласынан оралмай қалған азаматтар қаншама. Олар соғыста мерт болды, хабарсыз кетті. Соғысқа қанша адам қатысса, соның бәрі – бір-бір тағдыр. Мұрағат материалдары бойынша осындай бір тағдыр иелерін табу туған туысқандарымен хабарласу үлкен шара. Мұрағат материалдары бойынша адамзат тарихындағы ең сұрапыл, қанды қырғын ошағына айналған Екінші Дүниежүзілік соғыста, фашизмге қарсы шайқаста Түркістаноблысынан қаза тапқандар мен хабар-ошарсыз кеткендер жайлы деректерді зерттеу біздің борышымыз. Қаншама мыңнан астам жерлестеріміздің тағдыры әлі күнге дейін белгісіз. Ұлы Отан соғысы басталған күннен қолына қару алып, талай жорық жолдарын өткерген жерлестеріміздің ерлігі ел жадында мәңгілік сақталуы тиіс. Алайда сұрапыл соғыс қажымас қайрат пен жігер иесі болған азаматтарды 20-23 жастарында қыршынынан қиды. Алдымен ауыл адамдарымен байланысып, деректер жинақтау, майдангерлер мен тыл ардагерлерінің естелік әңгімелерін жазып алу жолға қойылса, екінші деңгей – облыстық мұрағаттан материал алу. Мұрағат материалдарымен жұмыс істеу барысында 2008 жылы облыстық мұрағат және құжаттама басқармасыатына Германиядан соғыс кезінде әр түрлі себептермен тұтқынға түсіп, қайтыс болған 9090 қазақстандық тұтқынның жалпы тізімімен жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы мәлімет алдық. Біз Ұлы Отан соғысының оқбараған даласында қаза тапқандардың рухына бас иіп, тағзым етеміз. Содан бері талай уақыт өтсе де ел тағдырына қайғылы із қалдырған сол бір сұрапыл жылдар халық жадында мәңгілік сақталып қалады. Төрт жыл қардай жауған оқ астында батырлық танытып, ерлікпен күрескен ер ұлдарымыздың да есімдері тарихта алтын әріппен жазылып қалатындығы сөзсіз. Бейбіт өмір тарту еткен ардагер ата-апаларымызға қанша құрмет көрсетсек те артықтық етпейді. Біз есімдері тарих беттерінде алтын әріптермен жазылған ағаларымыздың алдында қарыздармыз. Бүгінгі жербасып, тіршілік етіп жүрген адамзаттың бейбіт өмірін қамтамасыз етіп, өздері құрбан болған боздақтар ерлігі ұрпақтар есінде мәңгілік қалуы шарт. Уақыт ілгері жылжып өткен сайын тарих беттері де алыстай береді. Бірақ тарихта қалған боздақтар мәңгілік. Олардың жасаған ерліктері ұрпақтар есінде қалып, ұмытылмауы керек. Қанды майдандарда ерлік көрсетіп қаза тапқан, хабарсыз кеткен адамдар да тиісті деңгейде өз бағасын алады деген сенімдеміз, өйткені ардагерлердің ерлік істері болашақ буынды тәрбиелеуде зор септігін тигізетіні ақиқат. Ұлы Отан соғысы жылдары фашист басқыншыларымен болған қан майданда елін қорғаған қанша азаматтарымыз атаусыз қалып, ерліктері еленбей жатыр. Мұрағатшылардың Подольск қаласындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатына жасаған іздеу экспедициясы барысында Қазақстанда құрылған 100-ші және 101-ші жеке атқыштар бригадасының бірегей құжаттары айқындалды. Құжаттар жуырда ғана құпиясыздандырылды. И.В. Сталинмен қол қойылған Қорғаныс Мемлекеттік Комитетінің 1941 жылғы 13 қарашадағы «Ұлттық әскери құрамаларды жасақтау туралы» № ГКО-894сс қаулысында «Өте құпия» деген гриф бар, онда ұлттық белгілер бойынша осы бригадалардың құрылғаны жөнінде баяндалады. Атқыштар бригадасы Мәскеу іргесіндегі қанды майдан ұрыстарына қатысты. Осы дивизия әскерлерінің көптен бір бөлігі ерлікпен қаза болған (олардың тек қана 9 пайызы аман қалған). Облыстық мұрағаттар және құжаттама басқармасының тікелей ұйымдастырумен Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатына, Беларусь Республикасы Ұлттық мұрағатына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық Мұрағат қорларына Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестеріміздің құжаттарын іздестіру мақсатында жасалған іс-сапарлардың нәтижесінде 2 мыңнан астам аса құнды құжат табылып, мұрағат және құжаттама басқармасы дайындаған мультимедиялық құралда кеңірек пайдалануда. Ғаламтордағы мұрағат материалдары боздақтар туралы ақпарат көзі. Әрбір боздақтың аты-жөнінің тұсында туған жылы, ауылының аты, білімі туралы, қай жылы соғысқа аттанғаны жайлы үш-төрт ауыз сөз. Бары сол-ақ. Бір адамның мезгілсіз кесілген ғұмыры, орындалмаған арман-тілегі сыйған үш-төрт ауыз</p> | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|----------------------|--|-----------|
| Рефлексия (5 мин) | <p>Бағалау Кері байланыс 3 минут Бағалау парақшасы. Өзін –өзі бағалау. Оқушының аты-жөні Сұраққа жауап беру Әр сұраққа 1 балдан Мәтінмен жұмыс жасау Картамен жұмыс жасау Қосымша мәлімет немесе сұрақтар беру Жоғарғы балл 10 балл 1-3 талпын 4-6 жақсы 7-10 жарайсың «Рефлексия» Медаль/ Миссия кестесін толтыру Екі түрлі түсініктеме күнделігі. Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Сабақтың өтілу барысына кері байланыс береді: Бөліктің оң жағына Сол жағына Сбақта қатты ұнаған, әсер еткен тұстарды жазады. Ұсыныстарын білдіреді (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай көмек керек т.б.)</p> | |